

## **Төлем балансын талдамалық ұсынуға әдіснамалық түсіндірме**

**Ағымдағы шот сальдосы (СAB)** елдің жинақ ақшасы мен инвестицияларының арасындағы айырманы білдіреді және тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің таза экспортының (экспорт минус импорт) және бастапқы және қайталама кірістер бойынша (алынған кірістер минус төленген кірістер) нетто-түсімдердің сомасы ретінде анықталады.

**Капиталмен жасалатын операциялар шотының сальдосы (КАВ)** алынған және төленген капитал трансферттері арасындағы айырма мен жасалмаған қаржылық емес активтерді нетто-иелену (иелену минус әкетілуі) ретінде анықталады.

**Қаржы шоты (NFA)** ағымдағы шот сальдосы мен капиталмен жасалатын операциялар шоты сальдосының қалай қаржыландырылатынын көрсетеді. Қаржы шотының сальдосы активтерді таза иелену мен міндеттемелерді таза қабылдау арасындағы айырма ретінде анықталады. Қаржы шотының оң сальдосы қалған әлемді таза кредиттеуді білдіреді және әдеттегідей шетел активтерінің өсуімен не міндеттемелердің қысқаруымен түсіндіріледі. Қаржы шотының теріс сальдосы – бұл қалған әлемнен таза қарыз алу және әдеттегідей міндеттемелердің өсуі не активтерінің қысқаруы кезінде туындайды.

Қаржы шотының сальдосы теориялық тұрғыда ағымдағы операциялар шотының сальдосы мен капиталмен жасалатын операциялар сальдосының сомасын теңгеруі тиіс (**СAB+КАВ = NFA**). Практикада бұл тепе-теңдік орындалмайды, сондықтан «**Қателер мен кемшіліктер**» (**ЕО**) теңгеруші бабы енгізілген.

Төлем балансын талдамалық ұсынудың мақсаты орталық банктің төлем балансындағы ахуалды түзетуге қатысты іс-әрекеттеріне назар аудару үшін төлем балансын қаржыландыру мақсаттарына елдің резервтік активтермен жасалатын операцияларын бөліп көрсету болып табылады.

Талдамалық ұсынуда «Қателер мен кемшіліктер» **резервтік активтердің (RA)** өзгеруін қамтитын қаржы шотының сальдосы мен ағымдағы операциялар шоты сальдосының және капиталмен

жасалатын операциялар сальдосының сомасы арасындағы айырма ретінде анықталады  **$EO = NFA + RA - (CAB + KAB)$** .

Теріс қателерді мынадай себептердің бірімен түсіндіруге болады: әкетілу көлемінің төмендеуі (тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді импорттау, төленетін кіріс, активтердің ұлғаюы, міндеттемелердің азаюы) не әкелудің көтерілуі (тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді экспорттау, алынатын кіріс, міндеттемелердің ұлғаюы, активтердің азаюы). Тиісінше оң қателер мен кемшіліктер әкелудің төмендеуімен не әкетілудің көтерілуімен байланысты.

Талдамалық ұсынудағы жалпы баланс аралық шама ретінде (ХВҚ әдістемесі бойынша міндетті көрсеткіш болып табылмайды)  **$OB = NFA - CAB - KAB - EO$**  формуласы бойынша анықталады.

Жалпы баланс резервтермен және төтенше қаржыландырумен жасалатын операциялар ескерілмеген нәтижені көрсетеді. Теріс мән резервтік активтердің өсуіне әкеп соғатын валюталық ресурстардың артылуын, оң мән – резервтік активтерді қысқарту есебінен өтелетін төлем балансының қажеттіліктерін қаржыландыру үшін валюталық ресурстардың жетіспеушілігін білдіреді.

ҚРҰБ-тың резервтік активтерінен басқа төлем балансының проблемаларын реттеу үшін ХВҚ кредиттері немесе мемлекет қолданатын басқа да шаралар (төтенше қаржыландыру – борышты кешіру немесе қайта қаржыландыру, мемлекетаралық гранттар және т.б.) пайдаланылуы мүмкін.